Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки» посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 7-8

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЖАҒДАЙЫ

Рахманалиев Е.Ш.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында ауылшаруашылығын дамыту алдағы кездегі басты бағыттардың бірі екенін көрсете келе, елімізде ет өндірісінің экспорттық әлеуетін дамыту жөніндегі жобаны белсендірек жүргізу қажеттілігін атап өтті. Ол үшін ет өндіру шаруашылығын дамытып, 2016 жылы ет экспортын 60 мың тоннаға жеткізуіміз керек делінген. Сапалы және арзан ет өнімдерін өндірудің алғышарттарының бірі мал өнімдерінің өзіндік құнының 40-45 пайызын құрайтын мал азығының берік жем-шөп қорын жасақтау болып табылады. Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметі бойынша, елімізде 182 млн. гектар табиғи жайылымның 70 млн.гектары немесе 38 пайызы ғана пайдалануда. Бұл 1990 жылмен салыстырғанда екі есе аз. Қазақстан Республикасының Статистика агентігінің мәліметтері бойынша 2008-2012 жылдар аралағында ауылшаруашылығы құрылымдардың саны жуық шамамен 12118-ге көбейген.

Барлық ауылшаруашылық кәсіпорындар саны статагенттік мәліметтері бойынша 13932 бірлік, оның ішінде 881 ірі қара мал өсірумен айналасады, ал 620-сы қой мен ешкіні өсіруде. Осы нақтылықтағы мал басын азықпен қамту үшін ауылшаруашылық кәсіпорындар 2484,3мың.га мал азықтық дақылдарды игеруде. Мал шаруашылық өнімдерін қажеттілігін зерттеу барысында келесідей көрсеткіштер анықталды: жалпы мемлекетте адам саны орташа шамамен 16500мың болса, ең төменгі күнкөріс деңгейі бойынша ет қажеттілігі жылына 8кг/адам. Қазақстан халқына шамамен 1320мың тонна ет қажет екендігі анықталып отыр. Осы нақтылықта желілік шаруашылықтар 939,4мың тонна ет өндіреді. Салыстыру барысында ет өнімдерінің 71% ғана жергілікті өндірушілер арқылы қамтылады, ал қалған ет өнімдері қазіргі кезде импорт арқылы қамтылуда.

Ғалымдар бірауыздан «егер мемлекет 25 пайыз азық-түлікті сырттан алатын болса, бұл ел азық-түлік қауіпсіздігінен айырылады» деген байламдарға келіп отыр. Ауылшаруашылығы министрлігінің мәліметтері бойынша, Қазақстан 40 пайызға жуық сүтті, 29 пайыз етті және 43 пайыз көкөністерді сырттан әкеледі. Осыдан кейін азық-түлік қауіпсіздігі туралы айту қиын. Елдегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің 80 пайызы шикізат күйінде шығарылады, ал технологиялық мешеулік салдарынан дайын өнім шығара алмай отырмыз. Біз аграрлы-индустриялы ел болсақ та, жалпы тауар айналымында импорт үлесінің басым екендігін және соңғы жылдары елімізде ауылшаруашылығы саласының дамуына ерекше көңіл бөлініп жатқанына қарамастан, өндірілген және өңделген ауылшаруашылық өнімдерін шетелден сатып алу үрдісінің өсіп отырғанын көрсетеді.

Ғылыми жетекші: Н.К. Унышева